

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Список использованных источников:

1. Саркинов СВ Международные логистические системы в условиях глобализации – Москва, 2007 368с.
2. А.И.Семенов, В.И.Сергеев Логистика основы теории -
3. Елисеев СВ Построение и оптимизация функционирования международных транспортно-логистических систем – Москва, 2003, 293 с.
4. Раимбеков ЖС Экономика логистических систем предприятий.....
5. Jenni Eckhardta, Jarkko Rantala The role of intelligent logistics centres in a multimodal and cost-effective transport system // Procedia - Social and Behavioral Sciences 2012 №48. P. 612–621
6. Yasanur Kayikci A conceptual model for intermodal freight logistics centre location decisions // Procedia Social and Behavioral Sciences 2010 №2. P. 6297–6311
7. Drage T. Petreski a, Andrej P. Iliev a, Lazar M. Gjurov b, Aleksandra D. Petreska Logistics supply chains and their applications // Vojnotehnicki Glasnik/Military Technical Courier Vol. LXII, 2014 №4. P.104-119

УДК 338.2

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Мантаева Аяулым Ерлановна

Шукей Инжу Болатқызы

ersinbek_vko@mail.ru, inzhu020796@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті Дінтану

мамандығының 2 курс студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Молдашев Н.О., э.ғ.к., доцент

Күллі адамзат қауымында өткен ақыл-парасат алыптарының ішінде... ой кермегін тартып, тіршілік тұңғыықтарын терең толғап ұғынған сайын, өздерінің кемелдеріне жеткен кемеңгерліктерін өз қоғамының экономикалық мәселелеріне арнамағандары аз. Сонау, көне дүние данышпандары: Сократ та, Платон да, Аристотель де төрткүл тіршіліктің тылсым сырларын шешкен ата – бабаларымыз да осы мәселелерден қалыс қалмаған. Міне, осы тектес ойшылдардың бірі – қазақ халқының ұлы данышпаны Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы екені анық.

Абай Қазақстанның ұзақ жылдарға созылған Ресейге қосылуының аяқталуына байланысты Далалық өлкенің әлеуметтік - экономикалық және саяси өмірінде маңызды өзгерістер туған дәуірде өмір сүрді. Өлкені отарлық езгіге салу мақсатымен патша үкіметі енгізген басқарудың жаңа жүйесі көшпенділердің ғасырлар бойы қалыптасқан патриархалдық-феодалдық өмір салтының шаңырағын шайқалтты. Қазақ ауылдарына тауарлы-ақша қатынастары тарай бастады, әр түрлі кәсіпшілік орындары пайда болды, егіншілік пен сауда өрістей түсті, мал шаруашылығының құрылымы өзгерді. Дегенмен, қазақ қауымының ыдырау процесі тым ұзаққа созылды, қазақтардың түсінігі мен тұрмысын әбден билеп алған патриархалдық-рулық қатынас қалдықтары қоғамдық қатынастарға да әсер етті. Би және болыс қызметтеріне сайланып, Далалық өлкенің қоғамдық өміріне тікелей араласқан, оның үстіне өзі де ірі феодал болған Абайдың XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ қауымын толғандырған экономикалық мәселелерден тыс қалмағаны сөзсіз.(1)

Абайдың көптеген шығармаларында, әсіресе, ғақлияларында көшпелі шаруашылық-экономикасын терең білетінін танытып, экономиканың әр түрлі мәселелері төңірегіндегі ойларын ортаға салады. Жалпы ғұлама - Абайдың экономикалық көзқарастарын сөз еткенде, ең негізгі сауалдың жауабын оның қара сөздерінен табамыз.

Ойшыл-ақын патриархалдық-феодалдық қатынастарды, әсіресе, оның негізі болып саналатын, өзі өлке экономикасының артта қалуына басты себепкер деп есептейтін көшпелі

мал шаруашылығын өткір сынға алады. Ол қазақтарды отырықшылыққа көшуге, шаруашылықтың неғұрлым озық формаларына - егіншілікке, кәсіпорындар мен сауданы дамытуға шақырады: «Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінінен басқа ойының жоқтығынан, өзге: егін, сауда, өнер, ғылым - солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді».(3) Абай егіншілікпен, сауда-саттықпен және әр түрлі кәсіппен айналысатын басқа халықтардан үйренуге өсиет етті: «... сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзімінен – өзі әуре болып, біріменен-бірі ешбір шаһари жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке-балаға қимайтын малыңды кірелеп, сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байларда, үлкен молдаларда, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудыңда жолын солар біледі. Орысқа айтар сөз жоқ...»(3.1)

Абай қазақтардың отырықшылық пен шаруашылықтың жаңа формаларына көшуі қажеттігі туралы озық ойларын айта отырып, патриархалдық-рулық қатынастардың ұрлық-қарлық, талан-тараж, еңбекке жоқ еріншектік сияқты кесірлі көріністерін сынға алады, бұларды шаруашылықты жүргізудің кертартпа формасы - көшпелі мал шаруашылығын тікелей туғызған кесапаттар деп есептейді. «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі - жұмысының жоқтығы. Егер егін сапса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кенесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма?»(3.2) Ақын патриархалдық-феодалдық қоғамның үлкен кеселі ұрлық деп есептейді. Ол ғақлияларының Он бірінші сөзін осынау жексұрын құбылыстың Далалық өлкеде тарау себептерін тұжырымдауға арнаған. Абай адамдардың бір бөлігі ұрлықты өздерінің баю құралы етіп алғанын, ал екінші біреулердің онымен тікелей ездері айналыспаса да, соған қол ұшын беру, ұрланған, талан-таражға түскен затты жасыру, сатып алу арқылы пайда табатынын атап көрсетеді. Ағартушы ұрлықтың адамды еңбектен бездіретін зиянды әсерін ашына жазады. Байлар қолындағы биліктермен ұрыларды қолдап, оларды өздерінің баю мақсаттарына пайдаланып отырды. «Ұрыны тыюда оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азат ұғын байларды кім тыяды?» Абай «рулық көмек», «ортақ дәулет» деген желеумен байлардың өз туысқандарын өздері сүліктей сорып отырған патриархалдық - рулық қоғам негіздерін сынға алады. Ол бұл құбылыстың мәнін аша келіп: «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды - бірлік, ырыс алды - тірлік», - дейді. «Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», -деп жазады(3.3)

Ақын отырықшылыққа көшуге, егіншілікті дамытып, кәсіппен сауданы өрістетуге шақыра отырып, көшпелі шаруашылықтың өзінде, мал шаруашылығының сипатында пайда бола бастаған өзгерістерді көрсетіп берді. Ол:

«Осы қымыз қазаққа...

Жылқыны аңдып ұры жүр

Әр төбенің тасында.

Ой көзімен қарасақ,

Қойдан жылқы асыл ма?

Мақтанға бола жиям деп,

Жылқы үшін жұртқа бас ұрма...

Қойында ақша, қолда қой

Күзетке оңай, шошынба!»(2) деген өлеңінде түлік түрлеріне экономикалық баға береді, патриархалдық - феодалдық қоғамда кісінің дәулеті, беделі мен қадір - құрметі оның меншігіндегі табынының санына қарай айқындалатын болғандықтан бай-феодалдардың жылқы малын көбейтуге құмар екендігіне тоқталады. Абай мал шаруашылығының жалшы - жақыбай үшін пайдалы салаларын дамытуға үндейді. Ондай сала сиыр малын өсіру мен қой шаруашылығы деп есептейді. Сауда - саттық үшін ет, май, тері, жүн бағытындағы бұл салалар барған сайын өріс алып келе жатқан нарық пен жартылай отырықшылықты өмір жағдайларына неғұрлым сай келуімен қатар, малды бағып - күтетін адамдарды қажетті тағаммен, киім - кешекпен қамтамасыз етеді.

Абай өз шығармаларында егін шаруашылығымен қатар кәсіпкерлікті де кеңінен насихаттайды. Ғақлияларының Отыз үшінші сөзі тұтасымен қазақтар арасында қолөнер кәсібінің сипаты және оны ұйымдастыру жайында тұжырымдау, одан әрі дамыту жолдарын белгілеу мәселелеріне арналған. Көтеріп отырған мәселенің тереңдігі жөнінен бұл «сөзді» патриархалдық феодалдық қоғамдағы қолөнері мен ісмерлер хақындағы трактат деп атауға әбден болады. «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек, - деп жазады ақын. - Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол».(3.4) Қоғамның еңбек етпей, бос сандалып, серілікпен, өсек-аяңмен, ұрлық - қарлықпен айналысып жүрген бөлігіндей емес, тек өз еңбектерімен ғана күнелтетін қолөнершілерді Абай қазақтардың ішіндегі әулиесі деп есептейді. Қолөнерді ұйымдастыру мен ісмерлер жұмысындағы кемшіліктерге жан-жақты тоқталады. «Бірақ құдай тағала қолына аз - маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады. Әуелі - бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көрініп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз - мұзына мақтанамын, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады».(3.5) Ақын өзге халықтар, дәлірек айтқанда, өзбектер мен татарлар дамудың неғұрлым жоғары баспалдағына көтеріліп отырғанда қазақтар қол өнерінің тоқырауға ұшырап, кертартпа сипатта ғана дамып келе жатқанын әділ аңғартады. Дегенмен, бұл кері қалуды, ол ісмерлердің өз жалқаулықтары, орашолалықтары деп қана түсіндіреді. Ал, бұған шын мәнісінде көшпелі шаруашылық жағдайындағы еңбек бөлінісінің әлсіздігі кінәлі болатын. Қолөнершілер мал шаруашылығымен, ал, көшпелі кедей - кепшік - отбасындағы ұсақ қолөнершілікпен айналысты. Қолөнерінің көшпелі шаруашылықпен арадағы бұл анайы бірлестігі қоғамдық еңбек бөлінісі мен сауда айналымының дамуын кешеуілдетіп, бұйымды өткізу нарқын шектей түсті. Көшпелі тұрмыс салты мен қалалардың мардымсыз дамуы да айтарлықтай тежеу болды.(5)

Абай қолөнерімен айналысатын қазақтардың тағы да бір кемшілігі - «бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, жалқау, салғырттық, кербездікке салынады»(3.6) деп атап көрсетеді. Ісмер - қазақтардың бұл пиғылдары өздері еңбек ететін өндірістік жағдайға байланысты. Жаңадан ғана пайда бола бастаған тауар-ақша қатынастарының ауыл арасында көп қажеттілік туғыза алмауы өнімді өткізудің қажетті көздерін қамтамасыз етпеді. Сондықтан шеберлердің өз жағдайлары қарама-қайшылыққа толы болды. Егер ол жұмысын жақсы атқарып, малды көп тапса, онда қолөнерімен айналысуды қояды да, мал иеленуші байға айналып шыға келеді. Бірақ, оның байи қоятын жағдайы да, бұған оның ынтасы да жоқ еді. Ісмер күнделікті күнкөріс қамынан әрі аса алмады. Абай қолөнері мен ісмерлердің үшінші, төртінші кемшіліктерін атай келіп, олардың жасаған бұйымдары болмашы тиын-тебен үшін әлдекімдердің қолында кететініне, шеберлердің тым аңғырт, өз өнерлерін бағалай алмайтындарына өкінішін білдіреді. Бұл құбылыс патриархалдық - феодалдық қатынастардың, натуралды шаруашылықтың басымдығы мен күн заңының аясын тарылтып отырған тауарлы-ақша қатынастарының әлсіз дамуының нәтижесі екені сөзсіз. Ауыл арасында алып-сатарлық онша өрістемеді. Әдетте, бұйымдар тікелей сұраныс бойынша әзірленіп, оның құны заттай төленді. Сауда капиталының өкілдері осыны пайдаланып, шеберлер қолынан шыққан бұйымдарды тым арзан бағаға сатып алып, нарық бағасымен бірнеше рет қымбаттатып қайта сатты. Осының барлығы ісмерлердің жағдайын нашарлата түсті, олар шаруашылықтарының басын құрай

алмай, өсімқор байларға кіріптар күй кешті. Ағартушы-ақын қолөнершілер мен ісмерлер қызметіне адамгершілік, моральдық тұрғыдан баға бергенімен, оның тұжырымдарында бұл мәселеге экономикалық жағынан да қарай білгені байқалады. Абай ісмерлерге жалқаулыққа бой алдырма, аңқау болма, шеберлігіңді жетілдір, еңбегіңді бағалай біл, біреуге тоналма, алдауға түспе деген кеңес бере отырып, құн заңының негізгі талабы - балама айырбастың қажеттігін түсінуге дейін жетеді. (6)

Ағартушының капиталистік жаңа қатынастардың мәнін және оның даладағы көріністерін жақсы түсінгенін капиталистік қоғамға тән бәсекелестік туралы ойларынан айқын көруге болады: «... малдан айрылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық». (3.7) Алайда, Абай бәсекелестіктің себептерін адамдардың көңіл-күйінен ғана керемді, оның экономикалық негіздерін терең түсіне қоймаған сияқты. Ол XIX ғасырдың ақырына қарай күшейе түскен ру аралық мал жайылымдықтары үшін күресті адамдар пиғылындағы кереғарлықтар емес, белгілі экономикалық себептер, атап айтқанда тауарлы-ақша қатынастары туғызып отырғанын түсіне қойған жоқ. Байлар қалайда малын көбейтуге, оның өтімділігін арттыруға, сол бықыған түлігін дәулеттің ортақ формасы - ақшаға айналдыруға ұмтылды. Ал, бұл үшін, ең алдымен, көшпелі шаруашылық жағдайындағы негізгі өндіріс құралы - жайылымдықтар қажет еді. Сол жайылымдық жер мен өз дәулетін ұлғайта беру жолында байлар ешнәрседен де бас тартпай, баюдың барлық амалдарын жасап бақты. Ақын: «Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы - сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «Маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы да қайыршылыққа түседі», - деп ашына жазды. (3.8)

Абай қоғамның экономикалық дамуында халық білімін көтеру мен ғылымның алатын орнын жоғары бағалады. Ағартушы-ақын ғылым мен білім ең алдымен мәдени артта қалушылықтан шығуға, сонымен қатар патриархалдық-феодалдық қоғамның кертартпа кеселдерінен құтылып, қазақтардың еркіндік алып, басқа халықтармен терезесі тең ел болуға жеткізеді деп есептеді. Ойшыл-ақын белгілі бір халықтың мәдениеті, ғылымы, өнері елінің экономикасымен тығыз байланысты екенін жақсы түсінді. Сондықтан да ол адам дәулет жинауға, бай болуға ұмтылуы керек, сол арқылы ғана кейін білім алып, ғылым бұлағынан сусындай алады, өйткені, ғылымсыз рахат жоқ.

Абай өз шығармаларында көптеген экономикалық мәселелерді көтеріп, оларды ағартушылық және демократтық көзқарас тұрғысынан шешеді. Ол көшпелі шаруашылықты жете білетіндіктен де Қазақстанды экономикалық жағынан дамытуға байланысты озық ойлар ұсынды. Өзінің тарихи жағдайлардан туындайтын кейбір шектеулеріне қарамастан, бұл пікірлер қазақ халқының қоғамдық-демократиялық қозғалысына қосылған қомақты үлес болып табылатын ұлттық сананың оянуында үлкен қызмет атқарды. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы бүгінде экономикасы жоғары қарқынмен дамып келе жатқан мемлекетке айналды. Бүгінде біздің экономикамыз әртараптандыруға ат салысып болашаққа деген нық қадамдарын жасауда. «Егемен елдің еңсесі биік» дегендей бүгінгі күні еліміз әлі талай асулардан асуға белін бекем бууда.

Қолданылған әдебиет:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, - 616 б.
2. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы I том – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977.-300 б.
3. Абай. Қара сөздері. - Алматы: Өнер. 2010.-124 б.
4. «Абай мұрасы-тілдік өрістің негізі». Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: «Информ-А», 2005- 368 б.
5. Кабдиев Д. Социально-экономические воззрения казахских просветителей-демократов. - Алматы., 1966

ӘОЖ 664;33;664;658.

ҚР АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Юсупова А.Ә.

gulnur121191@mail.ru

Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Абилдаева Н. Л., магистр, оқытушы

Ұлттық экономиканың қазіргі даму кезеңінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздік және азық-түлік тәуелсіздік проблемаларының өзектілігі жоғарылап отыр. Бұл проблеманы республика АӨК-нің даму деңгейін арттыру арқылы шешуге болады. Ол деңгей – республика халқын азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін сандық тұрғыдан бағалау екі топ

көрсеткіштер жәрдемімен жүргізіледі: а) негізгі тамақ өнімдерін олардың табыстары әртүрлі халық топтары бойынша жіктелуін ескере отырып тұтыну

деңгей мен серпіні; б) елдің азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуі, соның ішінде негізгі тамақ өнімдері шеңберінде[1].

Қазақстан агроөнеркәсіптік кешені республика экономикасының бірден-бір ұдайы өндірістік саласы болып табылады. Онда ұлттық табыстың үштен бірі өндіріледі.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығын дамытуды стратегиялық жоспарлау барысында ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігіне, еңбек өнімділігіне (айта кету керек Бүкіл әлемдік банктің бағалауы бойынша біздегі еңбек өнімділігі Шығыс Еуропаға қарағанда 5 есе төмен, теріс әсер ететін бірқатар факторларды есепке алу керек: а) Қазақстан топырағының өзінің табиғи жағдайында өнімділік қасиеттері төмен және тұрақты түрде жақсартып отыруды қажет етеді; в) айдалатын жерлердегі қара шіріндісінің үштен бір бөлігі жоғалған; г) айдалатын жер қоректік заттарын минерал тыңайтқыштар арқылы алуға қарағанда 240 еседен көп жоғалтады; д) алқаптарда өсімдіктер көп тарағандықтан жиналған астықтың сапасын төмендетеді, ал қазіргі астықтың сапасы бірте-бірте мал азына беретін қалдыққа ұқсап барады.

Өсімдік шаруашылығы сала бойынша көрсеткіштер 1-кестеде жинақталған (2005-2014 жж.) 2014 ж. республикадағы бұршақты дақылдар 2005 ж. деңгейден 24,5%-ға, картоп – 35,3%-ға, көкөніс – 59,9%-ға, , күнбағыстың тұқымдары - 91,8% көбейген, ал май дақылдарының тұқымы – 3,5; бақша дақылдары - 2,8 есеге көбейген. Қант қызылшасын жалпы жинау қысқарған.

Кесте 1 - ҚР бойынша жеке ауылшаруашылық дақылдарын жалпы жинау (мың тонна)

Жыл	бұршақты дақылдар	Майлы дақылдар	Күнбағыстың тұқымдары	Қант қызылшасы	Картоп	Көкөніс	Бақша дақылдары
2005	13781,4	439,8	267,3	310,8	2520,8	2168,7	683,8
2006	16511,5	458,9	268,0	339,0	2361,6	2059,2	697,4
2007	20137,8	459,4	205,8	309,4	2414,8	2196,4	661,8
2008	15578,2	414,0	185,8	130,2	2354,4	2280,0	869,7
2009	20830,5	703,6	367,9	181,3	2755,6	2457,2	852,3
2010	12185,2	775,4	328,9	152,0	2554,6	2576,9	1118,2
2011	26960,5	1141,9	409,1	200,4	3076,1	2 877,7	1248,0
2012	12964,8	976,8	400,3	151,6	3126,4	3 061,5	1649,9
2013	18231,1	1498,0	572,7	64,6	3343,6	3 241,5	1713,0